

Көксу ауыл округіне қарасты Айдаркүл - Қашар, Баспанды, Жоласар елді мекендерінде уақ малдар арасында бруцеллез (сарып) ауруының тіркелуіне байланысты карантиндік аймақтың ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 8 қыркүйектегі N 354 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 3 қазанда N 14-15-65 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қыркүйектегі N 500 Қаулысымен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2009.09.28 N 500 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9 тармақшасына сай, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 27 тамыздағы N 2-10/258 ұсынысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауыл округіне қарасты Айдаркүл-Қашар, Баспанды, Жоласар елді мекендерінде тұрғындардың уақ малдары арасында бруцеллез (сарып) ауруының т і р к е л у і н е байланысты карантиндік аймақтың ветеринариялық режимі белгіленсін.
2. Шардара аудандық аумақтық инспекциясы (Ш. Жарияқұл келісімі бойынша) назарына уақ малдар арасында бруцеллез (сарып) ауруының алдын-алу және таратпау мақсатында атқарылатын іс-шаралар жоспарын д а й ы н д а у ұ с ы н ы л с ы н .
3. Ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторынан (Е. Бекет келісімі бойынша) шектеу қойылған аумақта мал қозғалысын қатаң бақылауға алып, індеттік байланыс тобына әсер ететін ветеринариялық жұмыстарды атқару с ұ р а л с ы н .
4. Аудандық медицина бірлестігінен (Ж. Сапаров келісімі бойынша), аудандық санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасынан (Е. Төребеков келісімі бойынша), Көксу ауыл округіндегі тұрғындар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын күшейту, бруцеллез (сарып) ауруымен ауырған және аурулармен қатынаста болғандарды медициналық байқаудан өткізуді б а қ ы л а у ғ а а л у с ұ р а л с ы н .
5. Көксу ауыл округі әкіміне белгіленген іс-шараның уақтылы, сапалы

орындалуын қамтамасыз ету және шектеу белгіленгені жөнінде ауыл
тұрғындарына хабарлау тапсырылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.
Байтұрғановқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мараим

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Оңтүстік
Қазақстан облысының Шардара аудандық
аумақтық инспекция бастығы Ш. Ө. Жарияқұл

Шардара аудандық медицина
бірлестігінің бастығы Ж. М. Сапаров

Шардара аудандық санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
басқармасының бастығы Е. Ө. Төребеков

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Оңтүстік
Қазақстан облысының Шардара аудандық
бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы Б. Қ. Бекет